

**Сақабай Толқынай Қуандыққызының
«Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы: себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою амалдары» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Сақабай Толқынай Қуандыққызының «Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы: себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою амалдары» атты диссертациясы Қазақстан Республикасының ғылымды дамытудың басым бағыттарына және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі – «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың ғылымға елеулі үлесі 1931-1933 жж. Орталық Қазақстандағы ашаршылық мәселесін өңірлік тарихи нысаны ретінде кешенді түрде зерттеумен айқындалады.

Орталық Қазақстандағы ашаршылықты арнайы зерттеу кеңестік әлеуметтік -экономикалық саясатының өңірлік деңгейдегі зардаптарын нақтылауға мүмкіндік береді. Аталмыш диссертация ғылымға Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың демографиялық, әлеуметтік және мәдени салдарын айқындау арқылы да үлесін қосады. Диссертацияның ғылымға елеулі үлесі Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың тарихын, сонғын ішінде оның себептерін, оқиғалар барысын, зардаптарын жою амалдарын нақты архив құжаттарының негізінде талдаумен анықталады. Сондықтан, диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады деп есептемін. Маңыздылығы да ашылған, себебі диссертацияның мазмұнында 1931-1933 жж. Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың себептері, оқиғалар барысы және зардаптарын жою амалдары өзара байланыста қарастырылған. Сондықтан, ашаршылықты жалпы тарихи оқиға ретінде ғана емес, өңірлік ерекшеліктері бар күрделі әлеуметтік-экономикалық үдеріс ретінде талдауға мүмкіндік береді.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Диссертация ізденушінің өз бетінше ғылыми жұмыс жүргізіп, жазу деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Диссертациялық жұмыста мәселені қою, деректермен, соның ішінде архив құжаттарымен жұмыс жасау, оларды талдау және қорытынды жасау дағдылары қалыптасқан. Ізденуші тақырыпты ғылыми тұрғыдан меңгеріп, зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде жеткізе алған. Сондықтан диссертациялық жұмыс ізденушінің дербес ғылыми зерттеу орындауға толық қабілетті екенін дәлелдейді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 	<p>Диссертацияның өзектілігі негізделген. Бұл қазіргі кезеңде ашаршылық тарихын жүйелі, жан-жақты қарастырудың талабы, жарияланған архив құжаттарының жинағы, тарихнамалық талдау және оқиғалар барысын Орталық Қазақстан мысалында реконструкциялау қажеттілігі, өткенді тану мен болашаққа бағдар беруменмен қоса, тарихи сабақ алу қажеттілігі арқылы негізделген.</p> <p>Ізденуші Сақабай Толқынай Қуандыққызының диссертациясының мазмұны тақырыпқа толық сай келеді,</p>

	<p>3) айқындамайды.</p>	<p>тақырыпты айқындайды. Диссертация мазмұнында қарастырылған мәселелердің барлығы, соның ішінде жұмыстың бірінші тарауында ашаршылық тарихын зерттеудің теориялық – методологиялық мәселелеріне талдау жасалуы, ал екінші және үшінші тарауларда Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың алғышарттары мен себептерін, салдарының ғылыми тұрғыдан зерттелуі диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Ізденушінің өз алдына қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Себебі зерттеудің мақсаты ретінде 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылықтың себептерін, ауқымын, сипатын және салдарын зерттеу алынған. Ізденуші осы мақсатқа қол жеткізу үшін алдына 9 (тоғыз) міндетті қойған. Міндеттерінің барлығы диссертацияның мақсатына, мазмұнына сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан;</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Зерттеу жұмысы 3 үлкен тараудан</p>

3) байланыс жоқ.

(бөлімнен) және 9 тараушадан құралған. Диссертацияның бірінші тарауында ашаршылық проблемасын зерттеудің теориялық-методологиялық негізіне, тарихнамасы мен деректер базасына сипаттама берілген, екінші тарауда 1920-жылдардың II жартысы – 1930 жылдардың басындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау мен Орталық Қазақстандағы қазақ ауылдарында байларды тәркілеу науқанын, ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру үдерістерін зерттеген. Ал үшінші тарауда ашаршылықтың сипаты мен ауқымын, халықтың аштықтан аман қалу стратегияларына, сонымен бірге ашаршылықтың экономикалық, әлеуметтік-демографиялық салдарына, зардаптарын жою амалдарына талдау жүргізген. Осылайша, диссертацияның бөлімдері мен ережелері арасындағы өзара байланыс ізденушінің алдымен Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың алғышарттарын, соңынан ашаршылықтың барысын, салдарын, зардаптарын жою амалдарын зерттеумен айқындалып

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	тұр. Сақабай Толқынай Қуандыққызы диссертация шенберінде қойылған проблеманы зерттеу барысында сыни талдау жасаған, ізденуші тақырыпты зерттеу барысында өзіндік дербес көзқарастар мен ұстанымдарды білдірген. Мұның дәлелі ретінде ізденушінің мәселе тарихнамасын кезеңдеудің авторлық нұсқасын ұсынуы және Орталық Қазақстанда ашаршылық 1931 жылы емес 1930 жылы басталып, кезең бойынша өрістегенін т.б. бойынша тұжырымдарын келтіруге болады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста 10 жаңалық ұсынылған. 1- жаңалық толығымен жаңа, өйткені отандық және шетелдік зерттеушілердің ашаршылықты зерттеудегі теориялары мен тұжырымдарының негізінде Орталық Қазақстан аумағындағы аштықтың туындау факторлары, ауқымы, сипаты, ерекшеліктері, аман қалу стратегиялары өңірлік сипатта алғаш рет кешенді түрде зерттелген. 2- жаңалық толығымен жаңа, себебі, тақырыптың тарихнамасын кезеңдеу барысында авторлық

кезеңдеу нұсқасы жасалған.

3- жаңалық толығымен жаңа, мұнда аудандық архив материалдары алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп, оларға талдау жұмыстары жүргізілген.

4- жаңалық толығымен жаңа деп есептеймін, себебі Кеңес үкіметінің астық, мал, ет дайындау науқандарының Орталық Қазақстан жағдайында іске асу тетіктері жергілікті архивтік материалдар негізінде алғаш рет кешенді түрде талданған.

5- жаңалық Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың алғышарттары себептері ретінде тәркілеу, ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру саясаты өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, тұтас тарихи құбылыс ретінде кешенді қарастырылған.

6- жаңалық толығымен жаңа. Мұнда ОГПУ органдарының құжаттары негізінде Орталық Қазақстанда ашаршылықтың алғашқы белгілері 1930 жылы басталғаны дәлелденеді және ашаршылықтың ауқымы мен сипатын көрсету үшін адам шығынының көлемі, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс сипаты,

көші-қон үдерістері және биліктің реакциясы сияқты критерийлердің жиынтығын қамтитын кезеңдеудің авторлық нұсқасы ұсынылады.

7- жаңалық жаңа, өйткені зерттеулер мен архив құжаттары негізінде ашаршылықтың Орталық Қазақстан аумағындағы экономикалық, әлеуметтік-демографиялық салдарлары алғаш рет кешенді түрде зерттеледі.

8- жаңалық жаңа, ашаршылық кезіндегі халықтың көші-қон қозғалыстары мен демографиялық өзгерістеріне аймақтық деңгейде баға беріліп, олардың әлеуметтік құрылымға тигізген салдары анықталады.

9- жаңалық – жаңа, себебі алғаш рет кешенді түрде әкімшілік күштеу әдістерінің жергілікті басқару органдары арқылы жүзеге асу ерекшеліктері көрсетіледі, ашаршылықтың тереңдеуіне ықпал еткен факторлар айқындалады.

10- жаңалық толығымен жаңа, себебі алғаш рет Орталық Қазақстан мысалында ашаршылықтың зардаптарын жою амалдарына талдау жасалып, билік органдарының іс-әрекетіне баға беріледі, олардың аштықпен

			күресудегі тиімділігіне талдау жасалады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындыларын толығымен жаңа деп қабылдауға болады. Диссертациялық жұмыста 1931-1933 жж. Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың себептері, оқиғалардың барысы және зардаптарын жою амалдары жан-жақты қарастырылып, талдау барысында нақты қорытындылар шығарылған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Қорғауға ұсынылып отырған диссертация гуманитарлық бағыт бойынша дайындалған. Сондықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді талқылауды мақсат етпейді. Бұл бағалау өлшемі зерттеуге қолданылмайды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Сақабай Толқынай Қуандыққызының диссертациясында жасалған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Тарих ғылымының теориялық және методологиялық мәселелері негізінде жұмыс жасаған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме?	Диссертацияда қорғауға барлығы 9 ереже шығарылған: Бірінші ереже дәлелденген, өйткені

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді;
- 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ;
- 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ;
- 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) кең
- 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жоқ
- 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

ашаршылықты зерттеудің теориялық-методологиялық негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына негізделген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалада дәлелденген.

Екінші ереже дәлелденген, себебі ізденуші көшпелі шаруашылық ерекшеліктерін ескере отырып, ашаршылықтың ауқымын көрсету үшін зерттеушілердің тұжырымдарын салыстырып, отандық тарихнамада өзіндік ұстанымды қалыптастырған; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалада дәлелденген.

Үшінші ереже толық дәлелденген, диссертацияда аудандық (Қарқаралы, Шет Осокаров, Нұра аудандары) архив құжаттарының едәуір бөлігі ғылыми айналымға енгізілген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең;

мақалада дәлелденген.

Төртінші ереже дәлелденген, себебі мал санының қысқаруы, халықтың едәуір бөлігінің тұрғылықты жерлерінен босып кетуге мәжбүр болуы арқылы аштықтың өрістетуінің өңірлік ерекшелігі айқындалған;
тривиалды емес;
жаңа;
қолдану деңгейі кең;
мақалада дәлелденген.

Бесінші ереже дәлелді, себебі тәркілеуден бұрын ауқымды дайындық жұмыстары жасалып, оның нормативті-құқықтық базасы жасалғаны, Қарқаралы округінің ауқатты шаруашылықтарының Қостанай округіне жер аударылуы, тәркілеуді жүзеге асырған уәкілдер байлардың санын нормаға жеткізу үшін шаруашылықтарды бір-біріне қосып, орташаларды да байлар қатарына жатқызғаны, байлардың тізімі үнемі өзгертілгендігі дәлелденген;
тривиалды емес;
жаңа;
қолдану деңгейі кең;
мақалада дәлелденген.

Алтыншы ереже дәлелденген, атап айтқанда таза көшпенді аумақтарға қарағанда ұжымдастыру жартылай көшпелі аймақтарда жылдам жүргені негізделген. Сонымен бірге, ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіруде жергілікті кеңестік органдар мен партия ұйымдарының мәселені ойластырмауы, жауапты уәкілдердің істің мән-жайын білмеуі, колхоздар мен серіктестіктердің ұжымдастыру бағытының анықталмауы негізделген;
тривиалды емес;
жаңа;
қолдану деңгейі кең;
мақалада дәлелденген.

Жетінші ереже дәлелденген, өйткені диссертацияның мазмұнында Орталық Қазақстанда ашаршылықтың 1931 жылы емес 1930 жылы басталып, кезең бойынша өрістегені дәлелденген;
тривиалды емес;
жаңа;
қолдану деңгейі кең;
мақалада дәлелденген.

			<p>Сегізінші ереже – Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың экономикалық салдарынан жайылымдық, шабындық жерлерді пайдалану аумағының қысқарғаны, жем-шөп базасының құлдырағаны, мал санының күрт азаюы, шаруашылық санының кемуі дәлелденген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалада дәлелденген.</p> <p>Тоғызыншы ереже дәлелденген, себебі диссертацияның мазмұнында мемлекеттік көмектің жеткіліксіз болғаны, бастапқы кезде аштықтың салдарын айтарлықтай жеңілдетпе алмағаны, халықтың жағдайы тек 1930-жылдардың ортасына қарай ғана жақсара бастағаны негізделген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Диссертацияда қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Автор тақырыпты зерттеу барысында талдау және жинақтау, математикалық-

			<p>статистикалық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық, проблемалық-хронологиялық және тарихи-жүйелік әдістерін қолданған. Осы әдістердің негізінде 1931-1933 жж. Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың себептері, оқиғалардың барысы мен зардаптарын жою амалдары жан-жақты зерттелген.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>		<p>Иә. Себебі, диссертацияның мазмұнында орташа шамалар, пайыздық үлестер мен салыстырмалы көрсеткіштерді есептеу, уақыттық және аумақтық динамиканы анықтау, ашаршылық ауқымын нақтылау, ашаршылықтың демографиялық және экономикалық салдарын анықтау барысында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің әдістері мен деректерді өңдеу арқылы зерттеу нәтижелері шығарылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия;</p>	<p>Иә, себебі тақырыпты зерттеу барысында модернизация теориясы, тоталитаризм теориясы және А. Сеннің ««азық-түлік құқығынан айырылу», Е. Осокина ұсынған «тұтыну иерархиясы», Н. Пианчоланың ресурстарды әлеуметтік және құрылымдық</p>

	2) жоқ.	теңсіз бөлу теориялары басшылыққа алынып, олар эмпирикалық материалдармен, талдау нәтижелерімен және зерттеу деректерімен негізделген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияның мазмұнындағы мәліметтерге сілтемелер қойылған және ол сілтемелер сенімді әрі нақты әдебиеттер мен архив құжаттары арқылы берілген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Сақабай Толқынай Қуандыққызы тақырыпты зерттеу барысында барлығы 360 ғылыми әдебиеттерді қолданған, оның ішінде Абай облысы мемлекеттік архивы, Нұра аудандық мемлекеттік архивы, Оskarов аудандық мемлекеттік архивы, Қарқаралы ауданы мемлекеттік архивы, Қарағанды облысы мемлекеттік архивы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивы, Қазақстан Республикасы Президент архивы, Ресейдің қазіргі заман тарихының мемлекеттік архивы, Ұлытау облысының мемлекеттік архивы, Шет ауданы мемлекеттік архивы материалдары бар. Ізденуші тақырыпты зерттеу барысында 360 ғылыми әдебиеттерді қолданған,

			оның ішінде Абай облысы мемлекеттік архивы, Нұра аудандық мемлекеттік архивы, Оskarов аудандық мемлекеттік архивы, Қарқаралы ауданы мемлекеттік архивы, Қарағанды облысы мемлекеттік архивы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивы, Қазақстан Республикасы Президент архивы, Ресейдің қазіргі заман тарихының мемлекеттік архивы, Ұлытау облысының мемлекеттік архивы, Шет ауданы мемлекеттік архивы материалдары бар.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Өйткені диссертациялық зерттеудің теориялық негізі ретінде ашаршылықты дәстүрлі қоғамның күштеп өзгертілуі және индустриалды модельге жедел көшу нәтижесі ретінде қарастыратын модернизация теориясы және оны биліктің құрылымдық тетіктерінің, идеологиялық бақылаудың, мемлекеттің репрессиялық саясатының салдары ретінде түсіндіретін тоталитаризм теориясы алынған. Сонымен бірге, Зерттеу барысында ғылыми айналымға

			енгізілген архивтік деректер мен жасалған тұжырымдар Қазақстандағы ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшылыққа көшіру үдерістерін зерттеуде деректік және теориялық негіз бола алады,
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы және зерттеу нәтижелерін практикада пайдаланудың мүмкіндігі бар әрі жоғары. Тақырыпты зерттеу барысында алынған нәтижелерді өңірлік тарих, тарихи демография және әлеуметтік тарих салаларындағы кейінгі ғылыми ізденістерге әдістемелік бағдар ретінде қолдануға, сонымен бірге жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы, өлкетану, XX ғасыр тарихы курстары бойынша дәріс, семинар сабақтарында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Диссертациялық зерттеудің қорытындылары тарихнамалық еңбектер жазуда да практикалық мәнге ие, өйткені 1931-1933 жж. Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихы отандық тарихнамада кешенді түрде зерттелмеген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертацияны жазу және рәсімдеу сапасы жоғары. Диссертацияны

		<p>2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>жазу барысында автор академиялық жазу мәдениеті мен ғылыми этиканы сақтай отырып, негізгі ойларын нақты тұжырымдаған, түсінікті тілмен баяндаған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Диссертациялық жұмыста оның өзектілігіне, құндылығы мен маңыздылығына әсерін тигізетін өрескел қателіктер мен кемшіліктер жоқ. Дегенмен жұмысқа байланысты жекелеген ескертулер бар:</p> <p>1. Диссертацияда зерттеу мәселесі жүйелі қарастырылғанымен, мәтіннің кейбір бөліктерінде стилистикалық және орфографиялық тұрғыдан нақтылауды қажет ететін тұстарға назар аударған жөн.</p> <p>2. Автор отандық және шетелдік әдебиеттерді жүйелеу бағытында ауқымды жұмыс атқарған. Алайда историографиялық шолу көбіне сипаттамалық сипатта берілген. Осыған байланысты ашаршылықтың себептері, модернизация факторлары мен репрессиялық саясаттың арақатынасы, сондай-ақ 1930-жылдар оқиғаларын түсіндірудегі «бүкілодақтық қасірет», «отарлық модернизация» және «геноцидтік интерпретация» тұжырымдамалары арасындағы айырмашылықтар жөніндегі ғылыми пікірталастарды неғұрлым кеңірек ашып көрсету орынды болар еді.</p> <p>3. Мәтінде ауа көшу (откочевка) құбылыстары мен наразылықтың жекелеген түрлері қарастырылғанымен, ОГПУ материалдарын кеңірек тарту арқылы күнделікті қарсылық көрсету, бейімделу және мемлекеттік іс-шараларды орындаудан жалтару тәжірибелерін талдауды тереңдетуге болар еді.</p> <p>Айтылған ескертулер негізінен пікірталастық, әдістемелік және редакциялық сипатқа ие және зерттеудің тұжырымдамалық қағидаларына нұқсан келтірмейді. Олар диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді. Диссертация Орталық Қазақстандағы 1930–1933 жылдардағы ашаршылық тарихын зерттеуге елеулі үлес қосатын, дербес орындалған, аяқталған және өзекті ғылыми зерттеу болып табылады.</p>	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	<p>Сақабай Толқынай Қуандыққызының зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалары мазмұн жағынан да, сапа тұрғысынан да жоғары деңгейде жазылған. Мақалалар әртүрлі</p>	

	(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	беделді ғылыми журналдарда, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда (5) және халықаралық конференцияларда (7) жарық көрген. Жарияланымдарда көтерілген мәселелер диссертация тақырыбымен тығыз байланысты және ондағы қарастырылған бағыттарды жүйелі түрде толықтырады. Жалпы алғанда, жарияланған мақалалар ізденушінің зерттеу тақырыбын жақсы меңгергенін және өз ойын нақты жеткізе алатынын көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі	Сақабай Толқынай Қуандыққызының дайындаған «Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы: себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою амалдары» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай орындалған, толық аяқталған жұмыс болып табылады, ал оның авторы «8D02202- Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Рецензент:

тарих ғылымдарының докторы,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
дүниежүзі тарихы, деректану және тарихнама
кафедрасының профессоры



Жакишева С.А.

